

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ГУМИНАРЛЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТ

Құқық шығармашылық және нормативтік
құқықтық актілерді жүйелеу. Заң техникасы.

Тексерген: Байтерекова К.Б

Орындаған: Қартбаева Ж.Қ

Құқық шығармашылығы мағынасы *құзырлы органдардың құқықтық нормаларды тікелей жасау* процесі. Ал кең мағынада құқық шығармашылық **процесс** деп қаралады. Ол құқық шығармашылық түпкі ойдың туындаған сәтінен басталады да құқықтық норманың нақты жүзеге асырылуына шейін созылады (яғни оны даярлау, қабылдау, жариялау және т.с.с. дейін).



Құқықшығармашылық түрлері

1. Тікелей мемлекеттік органның нормативтік актілерді қабылдауы, бекітуі, шығаруы;
2. Өмірде көп жылдар бойы қалыптасқан әлеуметтік нормаларды қабылдап, бекіту;
3. Нормаларды референдум арқылы бекіту.

Құқықшығармашылық процесінің кезеңдері

- нормативтік акт жобасын дайындау;
- нормативтік акт жобасын талқылау;
- нормативтік актіні қабылдау;
- нормативтік актіні жариялау /басып шығару/;



Құқықшығармашылық қағидалары (принциптері)

- Ғылымилық
- Кәсібилік
- Заңдылық
- Демократиялық
- жариялылық


Құқық шығармашылық ісі белгілі қағидаттарға бөлінеді.

Демократизм - азаматтардың құқық шығармашылық ісіне қатысу деңгейін сипаттайды; қоғамдағы рәсімді нормалар мен институттардың даму деңгейін сипаттайды;



Жариялылық - құқық шығармашылық ісінің қалың жұртшылыққа ашықтығын білдіреді;

Кәсіпкерлік - осындай қызметпен құзыретті адамдар - заңгерлер, басқару ісінің мамандары, экономистер (барлығы да білікті ғалымдар болуы қажет) және т.б.



Ғылымилық-нормативтік актілерді даярлау барысында әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқалай да ахуалдарды **зерттеу** аса маңызды болады; қоғамның дамуындағы объективтік қажеттіліктерді жете зерттеудің құқық шығармашылық ісіне тигізер ықпалы зор болады.

Заңдылық - осы құқық шығармашылық ісімен айналысу қызметі Конституция мен басқа да заңдар аясында атқарылуы тиіс;

Зандарды жүйелеудің түрлері


Кодификация

Инкорпорация

Консолидация

Заңдарды жүйелеу түсінігі

- **Кодификация** – НҚА (нормативтік-құқықтық акт) бүкіл мазмұнын өзгертудің нәтижесінде оларды біртұтас актіге біріктіру арқылы жүйелеу нысаны.
- **Инкорпорация** – қолданылып жүрген заңдарды мазмұнын өзгертпестен бір жинаққа біріктіру арқылы жүйелеу нысаны.
- **Консолидация** – нормативті құқықтық актілерді белгілі бір қызмет түріне қатыстылығы белгісі бойынша жинаққа біріктіру.



Ресми инкорпорация – мұны инкорпорация жүргізуге (жасауға) өкілеттік алған мемлекеттік органдар атқарады. Сонда ресми инкорпорация дегеніміз құқықтық нормаларды (күші барларын) жариялау және қайтадан баспа арқылы шығарудың тәсілі. Сондықтан ресми инкорпорация - заң шығарудың ресми көзі, қайнары. Бұл инкорпорация — хронологиялық және пәндік түрінде болады.

Хронологиялық ресми инкорпорация - нормативтік актілердің белгілі бір тәртібіне келтірілуін олардың ресми жариялануы барысында жасауды көздейді.

Пәндік ресми инкорпорация - жүйелеудің күрделілеу түрі. Мұның нәтижесінде мемлекеттік билікті басқарудың ең жоғары органдары шығарған күші бар нормативтік актілерінің томдары, жинақтары жасалынады.

Бұл томдар мен жинақтарға нормативтік құқықтық актілер пәндік қағидат бойынша, қатаң түрде тақырыптар бағыттарын сақтай отырып орналастырылады. Мысалы: мемлекеттік құрылысты реттейтін, әкімшілік жауапкершілік, халық шаруашылығы салаларындағы қатынастарды реттейтін нормативтік актілерді біріктіру.

Ресми емес инкорпорация - мұнда жүйелерді арнайы тапсырма алмай-ақ жекелеген ведомство, ғылыми және оқу орындары, жеке тұлғалар жасай береді. Сондықтан да ресми емес инкорпорациялық жинақтарды заңдар негіздері (қайнар көздері) ретінде бағалауға болмайды. Құқық шығармашылығы істерінде, құқық қолдануларда бұларды нормативтік актілер жариялаудың нысаны ретінде қарастырып сілтемелер жасауға болмайды.

***Назарларыңызға
рахмет!!!***

